

ПИОНЕР

№ 7 ИЮЛЬ
АЛМАТЫ 1959

Оқушылардың салған суреттері



Сыр сауу.

Суретті салған Молдалы Қалдыбаев.



Табиғат көрінісі.
Суретті салған Сейіткәрімов.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 7


ИЮЛЬ

1959 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

Каникулда



Міне, каникул да басталды. Қандай көңілді кез. Ауыл маңындағы жарқыраған айдын көлдерге шомылып, балық аулап, асыр салып ойнағанға не жетсін. Жаның жайлау, жағаң бос деген уақыт осы емес пе.

Ең соңғы сабақтан емтихан тапсырған біздің кластың балаларында ес жоқ. «Қош бол, келесі оқу жылына дейін» деп мектеппен қоштасып, қуаныса жүгіреді.

Тек мен ғана мойным салбырап, үйге көңілсіз қайттым. Өзімнің туысқандарымның бетіне қарауға жүзім шыдамай, кешке дейін бүк түсіп бір бұрышта жатып алдым. Ешкім де қасыма келіп мүсіркеген жоқ. «Тұр, тамағыңды іш», деген де еш пенде болмады.

Кешкі ас кезінде ғана жылжып столдың шетіне келіп отырдым. Тамақ та батпайды екен. Оның үстіне, менімен ешкім сөйлеспей қойды. Столды жинай бастағанда барып әкем:

— Ал, Арқаш, екі-үш күннің ішінде атаң келеді, сонымен бірге жылқы басына барып жат. Кітаптарыңды түгендеп ал. Уақытың-

ды бос өткізбей, мұқият дайындал! — деп ескертті де, өзі жол қамына кірісті.

Жаз шыққаннан бері әкем Алматы қаласындағы туысқандарға барамыз деп жүретін. Мені де апаратын болған. Сондықтан менің емтиханымның аяқталатын күнін күтіп жүрді. Бұрын көрмеген үлкен қалаға барамыз дегеннен бері қуанышым қойныма симай, кластас жолдастарымның бәріне де айтып, жүрегім алып-ұшып, сол күнді асыға күтіп жүретін ем.

Міне, бүгін бәрі де су сепкендей басылды. Мен бір пәннен күзгі сынға қалдым.

Енді Алматыға бару қайда! Ертең шешем де, кішкентай інілерім де жүрмекші. Үйде қалатын әжем екеуіміз ғана.

Ішім удай ашыды.

Шиқ-шиқ, шиқ-шиқ. Қорабын алып тастаған жадағай трашпанкениң артқы доңғалағы болар-болмас қисалаңдап, ирек-ирек жол сызып, ауылдан ұзай берді. Күпшегіне дейін борпылдақ шаң бөккен арбада етпемнен түсіп, зыр айналған доңғалақ шабақтарына қарап жатып, маужырай бастадым.

Атам арбаның алдыңғы жағында отыр. Бүлк-бүлк етіп, өнімсіз жылжыған қарагер



атты анда-санда жеңіл божылап қойып, үнсіз келеді.

Атам кең иықты, денелі, ірі адам. Жұрттың шалындай әңгімеқой емес. Сөзге сараң. Қапқалың қабағы түксиіп, ылғи үнсіз жүреді. Ашуланып жүргенін, не көңілді екенін аңғару қиын. Қазір де сол қалыпты. Ауылдан шыға бере бірдеңе сұрайын деп оқталып, бата алмай қойғаным да содан.

Жылқы басына баратын айырық жолға тақала бергенімізде артымыздан бір машина қуып жетті. Басымды көтеріп алып қарадым да, жалма-жан қайтадан жата қалдым. Қайда тығыларымды білмей, астыма салған көрпемен басымды тұмшалай қойдым. Машина үстіндегілер шырқата ән салып өте шықты. Бұлар — лагерьге бара жатқан біздің мектептің оқушылары еді. Атам машинаны көзімен ұзатып салды да, қақпақтай жауырынымен баяу бұрылып, қабағының астымен маған қарады. Қарады да, жол жиегінен асыра шырт еткізіп түкіріп тастап, қайта жөнделіп отырды...

Жылқы басына келгеннен бері еркіндіктен айырылдым. Күнде үш-төрт рет бие сауғызуға көмектескенім болмаса, атам басқа жаққа тырп еткізбейді. Қасымыздағы қостың өзім секілді балаларына да араластырмайды. Олар өзді-өзімен асыр салып ойнағаны былай тұрсын түнде бәрі бірігіп жылқы да бағатын көрінеді. Көзім қызығып болды, «Ата, бір мезгіл мен де балалармен ойнайын, жылқы бағайын» дегім келеді. Бірақ, бата алмаймын. Жалғанда өзің кінәлі болғаннан жаман нәрсе жоқ екен. Батып сөйлеуге қаймығып, өз-өзіңнен қуыстанасың да тұрасың. Амалсыздан таңның атуы, күннің батуы кітаптан бас алмаймын. Әттен, қыстай осылай оқысамшы!

Бір күні ойламаған жерден, ақ түйенің қарны жарылды: атам мені жылқыға жіберді. Қос басынан екі-үш шақырым жерде Жынды сай деген терең сай болатын, атам бағатын күрең төбелдің үйірі сонда екен. «Кешкі салқын түсе айдап әкел, астыңдағы атыңды қинап жүрме, байқа!» деді де, атам жатып қалды. Белінің шойырылмасы болатын.

Астыма жорға шабдар тиісімен-ақ, сайға қарай жорғалата жөнелдім. «Тізгінді босат» деп елпілдеп тұрған бір жануар. Көрінген тобылғыдан үркіп, лып-лып етеді. Қырқадан асып, сайға жақындай бергенімде басын босатып, көсілтіп алдым. Алтынға ұқса-

ған сап-сары жалы шапқанда су-су етіп, лезде сайға алып келді.

Бұл нағыз тал түстің кезі еді. Күн ыстық. Әуе айналып жерге түскендей. Сайдың маңы тым-тырыс. Қыратқа шыққан құрай, сай ішіндегі құрақ ыстыққа маужырғандай қыбырсыз тынып қалған. Ұшқан торғайдың да дыбысы естілмейді. Тек жорға шабдар ғана ентігін баса алмай тықыршып тұр.

Маңайда бір де бір жылқы көрінбейді. Қалай жүретінімді білмей дағдарып тұрдым да, әлдекімге дауыс бергендей «һа-ай!» деп айғай салдым. Жым-жырт мүлгіп тұрған сай іші елең етіп, дауысымды іле қағып алды да, сонау жылға-жылғаларға алып кетті. Жаңғырыға шаңқылдап «һа-ай, һа-ай!» деп қайталап жатыр. Тағы да ышқына айғай салдым. Бұл жолы менің даусыма жауап бергендей, оң жақ бүйірден тебіскен жылқылардың шыңғырғаны естілді. Салып отырып сонда келсем, күрең төбелдің үйірі сай ішіндегі суға белуардан түсіп, қоғаның ішіне кіріп-кіріп кетіпті. Олар ат дүбіріне елеңдеп мойындарын бұрып, самарқау қарасты да, тұра берді.

Жынды сайдың маңы бықыған есіз қора. Ерте уақытта бұл ара қыстау болған көрінеді. Жұрттың айтуына қарағанда, қазір бұл қыстаулар жын-шайтанның ордасы дейді. Жынды сай деп аталуының себебі де содан болса керек.

Аттан түсіп аз отырғаннан кейін, осы қыстауларды аралағым келіп кетті. Оның үстіне, жорға шабдармен жүруге әлі құмарым тарқаған жоқ.

Алғашқыда есіз қораларға маңайламай алыстан қарап, желе жортып көз тастадым. Жүрегім өз-өзінен дүрсілдеп, қоралардың ішінен бірдеңе шыға келетіндей болып көрінді. Жорға шабдар да, құлағын дамылдамыл қайшылап, аяғын үрке басып, оқырынып, бір қырындап келеді. Аздан соң қораларға етім үйреніп алды. Тіпті «Не де болса шайтан кездессе екен», деп өз-өзімнен батылданып, аттың басын қоралардың ішіне қарай бұрдым. Қабырғалары опырыла құлап жатқан шым үйлердің ішіне кісі бойындай болып құрай өскен. Ап-ащы жусан иісі мұрын жарады. Әр жерден шырт-шырт еткен шегірткелердің үні естіледі.

Қоралардың орта кезінде бір үлкен үй бар екен. Төбесі де бұзылмапты. Әлі бүп-бүтін. Тек әйнектерінің алды құлап жатыр. Үлкен қақпа есігін де ешкім алмапты. Жабық тұр. Осы араға атты тебіне түсіп тақау келдім де, қамшының сабымен ақырын түртіп қалып ем, қаңсыған қарағай есік қораны басына көтере сықыр етіп шалқасынан

ашылды. Қора іші қап-қараңғы. Үңірейіп тұр. Ат үстінен еңкейіп, ішіне үңіле беріп, не болғанымды білмеймін, сілейіп отырдым да қалдым. Тап босағаның түбінен біреу күрк етіп жөтелді. Жүрегім мұздап кетті. Бас құйқам шымыр-шымыр етеді. Құлағым түбі шыңылдап, тырп ете алмай қалдым. Денемде жан жоқ секілді. Әлгі жөтел тағы да қайталанды. Бұл жолы қарлыға шығып, орнынан тұрып келе жатқандай болды. Жан дәрменде атыма қамшыны қалай басқанымды да білмеймін, жорға шабдар ала қашты. Бұлт етіп түсіп қала жаздадым. Артыма да қарауға зәрем ұшып, қосқа қарай аттың басын қоя бердім. Құлағым түбінен жел гу-гу етеді.

Қос маңында жүргендер анадайдан мені көріп, «апырай, мынау тегін келе жатқан жоқ, не болды екен» деп үрейленіп тұр екен. Қос ішінен еңгезердей болып атам да шықты. Қара қосты соғып кетердей ағызып келіп, әрең тоқтадым. Тілім күрмеліп, көрген-білгенімді көпке дейін айтып түсіндіре алсамшы. Шет жағасын естісімен-ақ, сол жердегі қарт шешейлер:

— Ойбай-ау, баяғыда ол жерде тапай адамды соғып кеткен жоқ па еді.

— Е, ол атышулы Жынды сай емес пе. Баланы жалғыз жіберер ме?

— Ана есіз қораларда ол нағлаттар өріп жүреді дейтін атам марқұм! — деп гуілдесіп жатыр.

Атам ләм деп тіл қатқан жоқ. Мені артына мінгестірді де, Жынды сайға қарай жүріп кетті. Қолына да еш құрал алмады.

Менің көрсетуіммен атам әлгі қораның алдына келіп бір-ақ тоқтады. Аттан екеуіміз де түстік. Атам тізгінді ердің қасына сірестіре орап байлады да, қыл шылбырмен аттың аяғын берік тұсап қаңтарып қойды. Сөйтті де, тобылғы сапты қамшыны бүктей ұстап қораға беттеді. Менде зәре жоқ. Атамның артына жабысып, қорқып келем. Өне бойым дірілдеп, қалш-қалш етеді. Әйтседе, шайтан дегенді көргім келіп, кетіп қалмаса жарар еді деп тілеп келем. Атам аласа есіктен басын сұғып қарады да, есіктің жақтауын қамшының сабымен қағып-қағып жіберді. Сол-ақ екен, іштен күрк-күрк етіп бағанағы жөтел тағы да қайталанды. Атам да селк етіп қалшыып тұрып қалды. Аздан соң барып, маған бұрылмастан:

— Сен тұра тұр,— деді де ішке еніп кетті.

Мен алысырақ барып үрейленіп қарап тұрдым. Әлгіндей болмай атам қайта шыға



бергенде, тұра қашып, аттың қасына барып жүгеннің сулығына жармастым. Атам алдына өңгеріп алған сұп-сұр, жүндес бірдеңені тастай берді де: шек-сілесі қатып күлді. Атамның бұлай күлгенін бірінші естуім. Таң-тамаша болып аңтарылып тұрдым да, аздан соң қасына барып байқасам, әлгі сабалақ жүндес — кәдімгі ешкі. Бауыры айғыз-айғыз батпақ. Көзі кілбиген. Іріңдеп тұр. Тәлтіректеп аяғын әрең басады. Өзі апарық.

Бұл елік екен. Басы айналып қалған ба, жарыққа үйрене алмай сілейіп тұрды да, зордың күшімен бір-екі аттап, алға жылжыды.

Атам тағы да күлді. Түнеугіден бері ашылып сөйлегені осы болар:

— Ақымақ шіркін, шұңқырға түсіп үйелеп қалыпты. Енді біраз жатса өледі екен. Бұл да сен сияқты жазғы каникулын жолдас-тарыңсыз жалғыз өткізейін деген ғой,— деп көзінен жас аққанша күлді.

Атамның бұл сөзіне қанша намыстанғанмен, мен де еріксіз күліп жібердім.

Әбден титығына жеткен елік сылти басып, есіз қоралардың арасымен жападан-жалғыз кетіп бара жатты.

Сәкен Жүнісов.

Ер есімін ел сақтайды

Очерк

Ұзын жолдың шегі әлі таусылар емес. Қаладан шыққанымызға екі сағатқа жуық уақыт өтті. Көңілдің асығып отырғандығы ма, әйтеуір, барар жерімізге тез жете алмай-ақ қойдық. Жолаушының жол қысқарттары болсын деді ме, жанымыздағы бұрыл сақал қарт бір хикаяны бастап кетті.

— Сонау, ертеректе, бұл бұдан қырық жыл бұрын болатын. Колчак жеңдеттерінің ел ішіне бүлік салып жатқан уақыты еді. Қызылдар Қостанай қаласын жау қолынан алғанына көп болған жоқ-ты. Торғайға баратын қақпа — Қостанайдан айырылған соң Колчак бандалары бұрынғыдан да өшіге түсті. Ел ішіне бүлік орнады... Қарт бойын басқан ауыр зіл бардай бұрыл сақалын бір сипап қойып, тағы да әңгімесін жалғайтын бейіл білдіргендей бір күрсініп қойды.



Біз ынтыға түсудеміз. Бәріміздің ойымыз сонау өткендегі қарт айтқан іске шүйліккендей. «Тағы да айта түссе екен, тағы да ар жағын жалғаса екен», деп отырмыз. Қарт көзі бір нүктеге түйіліп алған. Қос қабақ ортасынан сызық шұңқырая түсіп, бір уақ қатты ойланып отырды да, әңгіме желісін одан әрі жалғап кетті.

— Сіздерге сол жылдан есте қалған Ефим қарттың баласы Вовка туралы айтып берейін. Вовка сүйегі ірі жігіт еді, сабаз. Мен жиырмадан ассам да, оның істегенін істей алмадым. Ол

сол кезде 13—14 жастар шамасында еді. Оның істеген ерлігі қазір біздің селоның қарттары арасында аңыз болып кетті. Оқиға Александровка селосынан басталған-ды.

...Қостанайда жас Совет өкіметі жаңа орнады. Колчактың ел ішінде қалған ақ бандаларын Александровка селосынан қуған кез. Мұнда Қызыл Армияның шағын отрядының командирі 13—14 жасар шамасындағы жас балаға бұйрық беріп тұр.

— Введен селосына барасың. Астыңа мінетін атың сенімді. Оқ болмаса, желге де жеткізбейді. Онда Летунов деген партизан отрядының командирі бар. Олардың істеп жатқан қимылын білесің. Мына пакетті Летуновтың өзіне ғана тапсыр. Ізіңше бүгін түнде кері орал.

— Күп, жолдас командир! — деп сымша тартыла қалды.

— Ал бар, сенімдім. Із-түзіңді ешкім білмесін. Төтенше бір жағдай болып, қолға түсе қалсаң, байқа, пакет өте құпия.

— Сенуіңізге болады, командир, — деп Вовка кетпек ойын білдірді.

Шағын ғана бөлме. Жасаулары онша сәнді емес. Кішкене жазу столы мен бір орындық, одан басқа үш-төрт адамдық ұзын отырғыш. Вовкаға бұл жиһаздар өте таныс. Әсіресе, төр алдына ілінген үлкен портрет үйге кіріп келгенде оған күле қарап тұратын-ды. Үлкен басы мен кең де жазық маңдайы Вовкаға ерекше ыстық көрінетін. Бағырдың бейнесіне ұқсатын ол осы адамды. Есіктен үнсіз шығып бара жатқан Вова сол суретке бір қарады да: — Хош, командир! — деді. Командир жас балаға күлімдеп қарап тұрды да, тоқта деген белгі беріп қолын көтерді. Шағын стол тартпасын ашып, ішінен ағаш сапты алты атар алды да:

— Керек болар, мә, ал. Орынсыз жұмсама. Жолың хауіпті. Бізде болған бір жеті ішінде атуды үйренген боларсың.

— Ия, — деп, Вовка қолына алты атарды алды да, оны белбеуіне қыстырды. Бұл оның командирден үйренген әдеті. Командир алты атардың қабын белбеуіне байлауға ауырсынып, оны шалбарының белдігіне қыса салатын-ды.

— Ал, жолың болсын, балақай. Оң сапар! — деп командир Вовканың иығынан ұстап тұрып, сілкіп қойды. Вовка өзіне осындай аса жауапты тапсырма бергеніне масаттанғандай, белдігіндегі алты атарға әлсін-әлсін қол жүгір-

тіп қарап қояды. Есіктен шыға бере, өздері «дядя Ваня» деп атайтын қартты жолықтырды. Ат сұрады. Арада он минутқа жетпейтін уақыт ішінде қылаң торы ат мініп, ревком ауласынан ойнақтатып шыға келді.

Бұл екі орта — елу шақырым жер. Қатты жүрген адамға екі сағаттай ғана уақыт. Вовка атпен жүруге әбден машықтанып алған болатын. Қатты жүріп келеді.

Міне, Алешинка селосы ортасындағы биік шіркеудің көк күмбездері де көріне бастады. Алдағы белестен өтсе, селоның өзі. Командирдің айтуы бойынша, Вовкаға ең хауіпті жер осы. Өйткені, мұнда ақ бандалардың штабы бар. Олар салт жүрген, бейсауат адамдарды селодан өткізбейді. «Сен баласың. Сондықтан да, сені жіберіп отырмыз. Мүмкін, саған тимес,» — деген еді. Вовка село шетіне дейін қатты жүріп келді де, оған жақындағаннан кейін атының басын тежеп, жәй жүрді.

Село шетінен кіре бергенде, үш қарулы адамның шеткі үй жанында әңгімелесіп отырғанын көрді. Олар село шетіндегі жолдың күзетшісі екен.

— Ей, бала, бері келе кет, — деді, аласа бойлы қушық жауырынды адам.

Вовканың жүрегі су ете түсті. Төбе құйқасы шымыр-шымыр етті. «Қорықпа» деді өзіне өзі іштей. «Не де болса, барайын. Сиырымыз бошалап кетіпті, соны іздеп шықтым дейін» деп ойлады да, атының басын селоға қарай бұрды.

— Бала, қайдан келесің? — деді манағы.

— Сиырымды іздеп...

— Е... е... сендей қу балаларды көп көргенбіз.

— Біздің сиырымыз бошалап...

— Қой, бала. Кәне, шыныңды айт. Сені кім жіберді... — Манағы қушық сары орнынан тұра бергенде, Вовка қылаң торының бетін бұрды да, дүрсілдетіп шаба жөнелді. Арттан мылтық даусы гүрс етті. Тағы да атылды, тағы да атылды. Вовка бұрышты айнала берді.

Мылтық даусын естіген адамдар үйді-үйінен жүгіре шықты. Ішінде кемпірлер де, шалдар да, жас әйелдер де бар. Көбісі үрпиісе, қорқып шыққандар. Оның да себебі бар. Бандалар ел ішіндегі хауіпті деген адамдарды алып кетіп, оларды екі ауыз сөзге келмей ататынды. «Сондай жазықсыздың бірі болар, ең болмаса көріп, қоштасып қалайық» — деп, жүгіре шыққан ел адамдары.

Үстерінде жасыл киімі бар ұзын мұрттылар хауіп туғанын білгендей қолдарына мылтықтарын ала шыққан. Бұрыштан айнала берген Вовканы көрген жирен мұрт сол қолын бүйіріне таянып, мергендігін көрсеткісі келген-



дей, өзінше кербездене тұрып, алты атарын кезенді. Вовканы дәлдеп атты. Бірақ оның оғы тимеді. Оқ қылаң торының шекесінен тиген екен. Ат сүрініп барып қайта тұрды да, кісінеп жіберді. Алдыңғы тізесін қайта бүгіп, оң жақ бүйірге сылқ ете түсті.

Жирен мұрт мақтанғандай мұртын ширатып, қарқ-қарқ күліп тұрды. Вовка атты тасаланып жата қалып, жирен мұртты алты атармен басып салды. «Көп асуға, бір тосу». Жирен мұрт суға бойлап бара жатқан адамдай, екі қолын ербең еткізді де, мұрнымен жер сүзе құлады.

— Оңбаған. Мен емес, өзің мұны тілеген! — деді Вовка тістеніп. Осы сәт жан-жақтан қарулы адамдардың жүгіріп келе жатқандары байқалды. Манағы шіңкілдек сары Вовканы көрді де, жанындағыларға қолын шошайтып көрсетті. Осы кезде ғана Вовка өзінің жалғыз екендігін сезінді. Денесі қалтырап кетті. Кенет, ойына пакет түсті. Оны қойнынан алуға мұршасы жоқ. Шіңкілдек сарылар жақындап қалды. Оның артында келе жатқан біреуі:

— Тірідей ұста, атпа! — деп айқайлап келеді.

Вовка құлаған жерге жақын бұзылған ескі шым үй тұр екен. Ол соған қарай жүгіре жөнелді. Терезесінен ішке қарғып түсті. Алты атарын кезеніп тұра қалды. Шіңкілдек сары жақындап қалыпты. Вовка көздеп тұрып атып салды. Шіңкілдек сары да жалп ете түсті.

— Мені тірідей ала алмайсыңдар. Атыспай беріспеймін, — деп Вовка бар даусымен ай-

қай салды. Осы сәт қораның қабырғасына екі оқ келіп қадалды. Еңгезердей шомбал денелі біреуі терезеге төніп қалған екен.

— Оһ, жауыз,— деп Вовка оны тағы атып салды. Ол терезе жақтауына сүйеніп тұрды да, сылқ етіп қабырғаға сүйеніп отыра кетті. Жау селі толастағандай болды. Ол енді қорқудың не екенін ұмытып кетті. Өлім аузында тұрғанын да естен шығарды. Кенет, көк пакет есіне қайта түсті. Оны қойнынан тез алды да, күлдей етіп жыртып, жарда тұрған қарлығыаш ұясына салып жіберді.

Осы сәт екі банда тағы терезеге келіп қалыпты. Тегі, олар Вовканы өлдіге есептеп келсе керек. Хауіпсіз, нақ адымдап келеді. Вова екеуіне екі ғана оқ шығарды.

Жас бала масаттанғандай сақылдап күліп жіберді.

— Өлмей беріспеймін. Командирім үшін! — деп ол қатты айқай салды. Оның даусын қайталап, үй іші жаңғырықты. Ол терезеден сыртқа үңілді. Он шақтысы мылтығын кезеніп тура келеді екен. Вовканың көзі қанталап кетті. Ол алдындағыны көрмеуге айналды. Қолындағы алты атарына қарады. Екі оқ бар әлі. Түсі суық қару «тағы да» деп тұрғандай болды оған. Ол кезеніп тұрып тағы да атты. Тиген-тимегенін байқаған жоқ, есікке қарай жүгіре жөнелді. Есік

мықты бекітулі екен. Бұдан басқа шығар тесік жоқ.

— Өлем, берілмеймін. Мен қызыл жауынгер! — деп айқай салды Вовка.

Осы кезде терезеден жаулар түсе бастады. Вовка оларға қарап күліп тұрды да, кеудесіне пистолетті апара берді... Вовка үнсіз сұлық жатты. Мәңгілікке көз жұмды...

Міне, Қостанайда Совет өкіметін орнату үшін арпалысқа Вовка деген бала осылай қатынасқан. Мына алдымыздағы село сол Вовканың өлген селосы. Оның әкесін баласы үшін жаулар өлтірді. Сол қарттың да, баланың да фамилиясы есімде қалмапты.

Автобус Алексеевкаға аз тоқтайды. Одан әрі Летунов бастаған партизан отрядының штабы орналасқан — Введен селосы. Біз қарттан Вовканың атысқан үйін сұрап едік, ол:

— Е...е...елу жылда ел жаңа, шырақтарым. Қазір елу жыл емес, бір жыл ішінде үлкен село, сәнді қала салынады. Ол үй қазір өзгеріп кеткен шығар,— деді қарт.

Қартпен осы арада айырылысуға тура келді. Вовканың көретін, үнемі құмартып қарайтын портреті Владимир Ильич Ленин екен.

Ер есімін ел сақтайды. Совет өкіметі үшін жаулармен арпалысқан 13—14 жасар баланың бір ғана ерлік ісі осы еді. Оны да ел есіне сақтап қалыпты.

Тұрсынбек Тасқожин.



АҒАШ АТ

Ағаш ат әкеп ағасы,
Сәлімге «сый» деп бергенде.
Алақайлап қуанды,
Өзіндік атты көргенде.

Қасына көп атының,
Мініп, түсіп сынады.
Жуас екен жануар,
Сонысы әбден ұнады.

Әрі-бері қамшылап,
Төбініп те қарады.
Жүрмеген соң, енді өзі
Сүйреп «атты» барады.

Молдағали Мұхамеджанов.

Қостанай облысы,
Аманкелді ауданы, Аман-
келді атындағы орта мек-
тептің оқушысы.

ҚҰЛЫНШАҚ

Шапқылауға тоймайды,
Ғажап құлын бұл неткен!
Тыным таппай ойнауды,
Өзіне кім үйреткен?!

Жарыссаң да алысқа,—
Деп тұрғандай,— келсең кел.
Қосар едім жарысқа,
Бас білдіріп берсе егер.

Ескермес Скендіров.

КазПИ-дің студенті.

ОСЫ ІСІ ДҰРЫС ПА?

Аулаға кеп топ етті
Маратбектің сұр добы.
«Алып берші» — деп келді,
Алып бердім бір жолы.

Қоймап еді бүлдірді,
Екінші рет сол добы.
Тереземді сындырды —
Үңірейіп тұрды орны.

Келуге енді именіп
Бермейді деп болса да.
Мамасын ол жіберіп,
Тығылып тұр тасада.

Өтеген Күмісбаев.

КазГУ-дың студенті.

ДҰРЫС ПА?

Жолдасым сынап,
Қойды бір сұрақ:
— Жердің де шегі
Бола ма тегі?

Ойландым дағы:
— Таудың аржағы,
Шеті ғой жердің! —
Деп жауап бердім...

Әдібай Табылдиев.

КӨК ҚҰРАҚ

Жазғы кеште көк құрақ,
Мүлгиді жай тербеліп.
Аспанда жанды көп шырақ,
Көгілдір көлге өң беріп.

Әндетіп кейде көк құрақ,
Тартады сырнай жай ғана.
Дирижеры жоқ бірақ,
Тыңдаушы — жұлдыз, ай ғана.

Ақай Жетпісбаев.

Талдықорған облысы,
Андреевка ауданы.



Омарғазина Бисара «Екі жирен» әнін орындап тұр.

ЖАС ТАЛАНТТАР

Бізде жастық шақ өскелең ғой. Оған жағдай да бар. Мұнан төрт жыл бұрын, 1954 жылы, Қызылордадағы Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педучилищесінің бірінші курсына келіп түскен Омарғазина Бисара мен Боранбаева Сараның өткен республикалық фестивальдің лауреаты, 1958 жылдың декабрь айында Қазақстан көркем өнерпаздары мен әдебиетшілерінің астанамыз Москвада болған онкүндігінің екеуінің де делегаты болады деген кімнің ойында бар. Міне, бұлардың осы кішкентай ғана өмір жолы былай еді:

1954 жыл. Училищеге оқушылар қабылдау емтихан кезі. Директордың кабинетіне рұқсат сұрап, екі қыз бала енді.

Ұялып төмен қарайды. Өз-өзінен қысылады.

— Келіндер, шырақтарым, документ тапсыруға келдіңдер ме? — деген училище директорының жылы сөзін естігенде ғана сырттай бір қысымды серпіп тастағандай, ептеп батылдық пайда бола бастады. Әуел баста сұсты көрінген кабинет іші жылы ұшырай берді. Қара көзді, бүйрек бет, аққұбаша келген қыз бұрын келіп, директорға документін ұсына берді.

— Омарғазина Бисара, Талдықорған облысы, Үштөбе станциясындағы № 16 мек-

тептен келген,— деді Рысбекова жолдас дауыстап оқып.

— Кәне, сенің документтеріңді көрейік,— деді кезек күтіп тұрған қараторы, қой көзді талдырмаш келген екінші қызға.

Бұл Жамбыл облысы Шу станциясындағы № 62 мектепті бітіріп келген Боранбаева Сара еді. Қабылдау емтиханына екеуі де жіберіліп, барлық пәндерден тапсырып шықты. Осы күннен бастап Сара мен Бисараның арасында адал, шынайы достық бекем орнады. Сабақты бірлесіп оқыды, қоғам жұмыстарына белсене қатынасты. Әсіресе, ән-хор үйірмесінің белсенді мүшелері болып алды. Бірақ, әнді нашына, музыка ырғағына келтіріп орындау жағында екеуінде де көп кемшіліктер бар еді. Бірақ, Сара мен Бисараның музыкалық талабы өте зор екенін бірден аңғарған училище музыка пәнінің оқытушылары оларға музыкалық қабілеттерінің бар екенін түсіндірді. Келешекте жақсы әнші болатындықтарына сенім білдірді.

Міне, аз уақыттың ішінде екі жастың жақсы талабы училищенің коллективіне таныла бастады. Сараның орындауында «Қара торғай», «Стрекоза» әндерін, Бисараның орындауында «Шолпан», «Наз қоңыр» өлеңдерін ұйып тыңдайтын болды. Олардың



«Қара торғай» әнін Боранбаева Сара орындау үстінде.

әндерді меңгеру қабілеті өсе берді. Енді ұялмай-ақ калалық, облыстық сахналарда ән орындауға болатындай.

Сонан бері талай жастар кешінде Сара мен Бисара алдыңғы қатарлы жүлдеге ие болды.

Бірнеше бағалы сыйлықтар алды. Астанамыз Москвада болып өткен дүниежүзілік алтыншы фестивальға Сара мен Бисара да бар ынтасымен даярланды.

Облыстық фестивальда Сара «Соловей», «Бұлбұл» әндерін, Бисара «Гүлденген Қазақстан», «Домбыра» әндерін шеберлікпен орындап, алдыңғы қатарлы жүлдеге ие болып, республикалық фестивальға жолдама алып шықты. Фестивальдың қортындысында екеуі де республикалық фестивальдың лауреаты деген абройлы атаққа ие болып, училищені, жалпы облыс жұртшылығын қуанышқа бөледі. Олар фестивальдан кейін де үйрену үстінде болды.

Міне, 1958 жыл. Декабрь айында Моск-

вада болған Қазақстанның онкүндігіне қазақстандықтар зор қуанышпен аттанды. Мұның ішінде сындардан өткен Сара мен Бисара да бар еді.

Москвада, теміршолшылардың мәдениет үйінде, еңбек резервтерінің клубында, құрылысшылардың мәдениет үйінде концерттер беріліп, мұнда Сара Хамидидің «Бұлбұл» әнін, Бисара халық әні «Екі жиренді» орындап, Москвалықтарды сүйсіндірді, құрметке бөленді.

Бисара:

— Москва қандай мейірбан, ыстық болса, москвалықтар да сондай жылы жүзді, кішіпейіл, ақжарқын туыстар екенін мен алғаш көрдім. Мен алғаш рет Москваның алып құшағына, Москва халқының құрметіне бөлендім. Мені сәбиіндей тербетті, бұл менің жас жүрегімді тебіrentті. Айнала жарқын жүздерге, көрікті көшеге, көңілді туыстарға қарай беруден көңіл тойып, көз талар емес,— десе, Сара:

— Москвада болған он бес күнде мен өзімді өз үйімдегідей сезіндім. Москва менің бақытым екенін өз көзіммен көрдім, қолыммен ұстадым; Қызыл алаң, Кремль, мавзолей өмірге көзімді ашып, патриоттық сезімді оятып, өз қызына ой салмай қойған жоқ. Мен үшін қандай бақыт, қандай қуаныш,— дейді өздерінің Москвадан алған әсерлерін баяндай отырып. Бұлар әлі он сегіздегі оқушы жастар. Екеуі де биыл училищені бітірмекші. Сара да, Бисара да қоғам жұмыстарында ғана емес, оқуда да өз жолдастарынан қалыспайды. Үлгілі тәртіптілігімен, жақсы оқуымен училище педагогтері және кластас жолдастары арасында құрметке бөленген.

— Біз училищені бітірумен шектеліп қалмаймыз. Екеуміз де консерваторияға түсеміз,— дейді Сара мен Бисара жарыса сөйлеп.

Қадамдарың қайырлы болсын, жас достар!

Танаш Дәуренбеков.

ТҮСІМДЕ

Ақ қалашты бал құйып,
Тойға арнайы пісірген,
Дастарқанға салды үйіп,
Шайнадым бар күшіммен.

Шай да тұрды кесемде,
Оны ішпей-ақ қойғамын,
Бірақ қанша жесем де,
Ақ қалашқа тоймадым.

...Өңім бе деп ойлаппын,
Мұндай түсім құрысын!

Түні бойы шайнаппын
Жастығымның бұрышын.

ӘНДЕРІН ТЫҢДАЙМЫН

Көбіне ол атам
Отырар қамшы өрп.
Мұндайда болатын
Жанына ән серік.

Қабағы шытылып,
Ұмытар басқаны.
Қояды түкіріп,
Тартады таспаны.

Жоқ өзге ермегім,
Тамаша мұндай күні!
Көрген боп өргенін,
Әндерін тыңдаймын.

Сол кезде ойлаған
Шаруасы қамшы анық,
Білмейді ол маған
Бергенін ән салып.

Қастек Баянбаев.

Талдықорған облысы,
Андреевка ауданы.



(Болған оқиға)

Бір кезде, ұйқылы-ояу жатқан менің құлағыма «у-уһ» деп ауыр күрсінген әлде біреудің даусы естілгенде, ұйқым шайдай ашылып кетті. Көзімді ашсам, үй іші қап-қараңғы екен. Қыбыр еткен жан жоқ. Көкем де, апам да қасында ұйықтап жатыр. Көкем анда-санда болар-болмас пырылдап қояды. Ал, апам болса ұйықтап жатқанынан еш белгі берместен, бір қалыпты ғана дем алады. Ал әлгі үһлеген дыбыс ауызғы бөлмеден бе, әлде есік алдынан башықандай болып еді. Сөйткенше болмады, үһлеген дыбыс, дәл есіктің қасынан тағы да естілді. Тұла бойым шымырлап кетті. Үйге кіріп, қараңғы болған соң не істерін білмей аңдып отырған ұры-қары емес пе екен деп ойлаймын. Бірақ, ұры келіпті, біреуді тонап кетіпті деген алып-қашты сөз біздің ауылда болмаушы еді. Үһлеген дыбыс маған бір жұмбақ болды. Екінші рет естігенде ол дыбыстың адамның аузынан шыққанына мен еш күмәнданғаным жоқ. Бірақ, ол кім? Және үйге қайдан кіріп кетті? Түнде жатарда апам есіктің ілгегін салып жатқанын өз көзіммен көрдім. Оның үстіне біздің Алыпсоқ деген үлкендігі танадай ала төбетіміз үй маңына бейсеубет адам жуытпаса керек еді. Мен әртүрлі ойға кетіп, әлгі дыбыс иесінің үйге қалай кіріп кеткенін таба алмай-ақ қойдым. Терезеден кірді дейін десем, терезе әйнектері сап-сау сияқты.

Мен екі көзімді есік жақтан айырмай бағып, шалқамнан жатырмын. Егерде біреу-міреудің қылаң еткен қарасын көре қалсам, бар даусыммен айқайлап жіберуге дайынмын. Көз алдыма нешестүрлі қорқынышты жайлар елестей бастады. Есік жақтағы мелшиген қараңғылықта біреу бізге қарап жүресінен отырған сияқты. Түрі сондай суық. Тістері ақсиган, көзі аларған. Неге екiнiн бiлмеймiн, өзi арық, әрi жылтыр кара сияқты болып елестейдi. Сәлден

ЖЕЫН

кейін әлгі отырған адам емес, қасқыр болып кетеді. Қорқау қасқырлар адам жейді дегенді естігенім бар. Үйдің астын үңгіп қазып, кіріп келген болар ма деп те ойлаймын. Бірақ, қасқыр болса ол неге күрсінеді, неге адамға тарпа бас салмайды? Елес енді қасқыр емес, кейбір ертегілерде суреттелетін ешкі тақылеттес шайтан болып кетеді. Ыржиып күліп тұрғандай ма, қалай? Шайтан емес, кешегі оқыған ертегідегі жезтырнақ емес пе екен? Жез саусақтары жылт-жылт ете қалғандай. Жезтырнақтар сылдыраған сұлу келіншек болып жүреді дегенді естігенмін, сол келіншектің басындағы әдемі жібек орамалының сусылы естілгендей болады.

Тұла бойым мұздап, тітіркене берді. Әлгі елес бірте-бірте өзіме жақындап келе жатқандай болған соң, жүрегім аузыма тығылғандай болды.

— Көке, а көке, — дедім ақырын ғана көкемді шынтағынан тартып.

Жұмыстан шаршап келген ол ояна қоймады. Қорқыныш үрей онан сайын үдеп, даусым қаттырақ шықты.

— Көке, көке деймін!

Көкем шошып оянып:

— А, не?! Не қалқам. Еркін жан, не? — деп маған қарай аунап түсті.

— Қорқамын, — дедім.

Даусым дірілдеп шықты. Көкем оянған соң жүрегім сәл орнына түссе де, екі көзім әлгі дыбыс шыққан жақта еді.

— Неден қорқасың? Қорықпа, ұйықта! — деді.

— Ана жерде біреу тұр, — дедім мен. Осы кезде біздің даусымыздан апам да оянып кетті. «Біреу тұр» дегеніме апам шошып:


— Не дейді?! — деп маған қарай тығылды. Тек көкем ғана сыр берер емес.

— Есікті ілген жоқ па ең? — деп апам сыбырлап еді,

— Ілгенмін, — деді ол да сыбырлап.

Неде болса, біз тегіс ояндық. Әлгі үһлеген жан тұра қашар ма екен, қайтер екен деп жатырмын.

Сәл үнсіздік. Қыбыр еткен жан жоқ. Бәріміз де демімізді ішімізден алып, есік алдында тұрған жанның көзғалуын аңдыдық. Бірақ еш дыбыс естіле қойған жоқ. Біраздан кейін көкем үн қатты.



— Түсің шығар. Ұйықта. Дәнеңе де жоқ, — деді.

— Я! Екі рет уһлеп дем алды. Мен өзім естідім,—деп ем, сөзімді бітірер-бітірместен-ақ бағанағы уһлеген дыбыс тағы да шыққанда көкем орнынан атып тұрып, тұсындағы қос ауыз мылтығына ұмтылды. «А-а!» деген менің даусым шығып кетіп еді, апам бауырына қыса қойды.

— Шырпы жақ, — деді көкем үрейлі дауыспен. Мылтықты сатыр-сұтыр еткізіп кезеніп тұр. Бас жағындағы камзолының қалтасынан апам шырпы алып, шағып қалып еді, әлі көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық лезде ғайып болып, үй ішін жарық сәуле билеп алды. Есік алдында ешкім көрінбеді. Үй ішіндегі дүниелердің барлығы да орынды-орындарында тұр.

Апам барып шам жақты. Көкем мылтығын кезенген бойы ішкі үйдің есігін ашып жіберіп:

— Шамды бері әкел, — деп әмір етті. Апам шамды есік алдына алып келіп еді, ауызғы үйде де ешкім көрінбеді. Және де есіктің ілгегі салулы тұр. Көкем стол, кровать астын түгел қарап шығып, ештеңе таба алмады да, мылтығын орнына іліп қойып, төсекте жатқан менің қасыма келіп, қисая кетті. Түрінде үрей бар. Үн қатпайды. Әлгі уһлеген дыбыстың қайдан шыққанын таба алмай, соны ойлап жатқан сияқты. Шам сөнген жоқ. Мен де соны ойлап жатып ұйықтап кетіппін.

Түнгі болған жайды көршілерімізге айтып едік, әрқайсысы әр саққа жүгіртті.

— Ойбай, ол шайтан болғаны.

— Шайтан болғанда ол әрбір үйде көзге көрінбейтін жын болады дейді. Сол шығар. Ол кейде өзінен өзі сөйлейді, күледі, жылайды дейтін. Адам оңаша қалса басын айналдырып жынды етіп жіберетін көрінеді.

Енді біреулер айдаладағы иесіз үйдің іші-

нен түнде жарқылдап от шығатынын, дабырласа сөйлескен әлдебіреулердің түсініксіз сөздері шығатынын есіттік деп көпіре сөйлеп кетті.

Күніне бір сөз естісең құлағың қалқандай болады дегендей, кейбір жел-ауыздардың әлгіндей әңгімелерін естігенде басым дың болып кетеді. Бұл сөзге тек мен ғана емес, апам мен көкем де иланып қалған көрінеді. Маған білдірмей апам:

— Еркінжанды үйге жалғыз тастап кетуші болма,— деп көкем үнемі айтып жүретін болды. Ал, мен болсам үйде жалғыз қалмайтын болдым. Кей кездерде түнде ұйықтап жатып шошып, жылап оянамын. Апам мен көкем де қорқып, мені аймалай түседі. Мұның бәрі үй перісінің жасаған ғаламаты деп, көкем үйді сатпақшы болды. Біреулермен бағасына да келісіп қойып еді. Бір күні екінші бір қалада тұратын Кәрібай деген нағашым қыдырып келді. Ол қаладағы пеш салатын атышулы ұста болатын-ды. Біздің үйімізді мекендеген жын туралы естігенде, әсіресе менің шошымалы болғанымды, көкемнің үйді сатамын дегенін білгенде мырс етіп күлді де:

— Пештеріңді жаңадан салдырып па едіңдер? — деп сұрады.

Қыс ортасы ауа, бұрынғы пеш тартпай қойған соң, бір пешшіге ақы беріп жақында ғана салдырған едік. Осыны айтқанда нағашым:

— Пешшіні ренжіткенсіңдер ғой тегі, — деп балға мен шот сұрады.

Пешшінің алған ақысын азсынып, көкеме ренжігені рас еді. Ал, оны нағашымның қайдан біле қойғанына мен таң қалдым. Сұрап едім:

— Қазір көресің, — деп нағашым пештің мойнын бұза бастады. Біраздан кейін түтін жүретін пеш мойнының қуысынан түбі ойылып сынған бөтелкені суырып алды.

— Міне жын болып уһлеп тұрған осы.

Мен таң қалдым. Нағашым әбден түсіндіргенде ғана көзім жеткендей болды. От сөнген кезде, пештің түтін жүретін жолымен үй ішіндегі жылы ауаларды мұржа тартып алады екен. Осы кезде ауа әлгі бөтелкенің кішкентай мойнына симай уһлеген дыбыс шығарады екен. Кейбір бөтелкенің мойнынан ызыңдап ән сарыны шығатыны да болады екен.

— Кейбір қасақы пешшілер үй иесіне ренжісе сондай бірдеңелерді әдейі істеп кетеді, — деді нағашым.

Содан кейін уһлеген дыбыстың да үні өшті, мен де шошымайтын болдым.

Мырзабек Дүйсенов.

Дүйсенбі

Шексіз, шетсіз көсіле жатқан кең даланың саз балшығын шалп-шалп кешіп жалғыз жаяу ілби басып келеді. Жолаушының жолына тосқауыл салып бөгегісі келгендей, жел де қатайып, қытымыр тартып, көрлене түскен... Аспан да түнеріңкі. Әлде қайда жөнкі көшкен ала бұлттың арасынан оқта-текте күркіреген дауыс естіліп, аспан көгін шақпақ оты қақ жарғандай болады.

Жаяу — жалғыз. Дала — кең... Одан басқа тірі жан жоқ.

Жолаушы жан-жағына үрейлене көз тігеді. Алысқа, сонау бұлыңғыр тартқан көк жиекке дамылсыз тесіліп, қарауыл қарағандай болады... Ол неден тайсалды? Қайдан шықты, қайда бет алды, белгісіз...

Асау жел саулап жаттап кетті сарнап,
Аралап Сарыарқаны кезіп шарлап.
Ән салдым қырда отырып көкірек кернеп,
Кім білсе желдің тілін соған арнап...

дейді ол күбірлеп. Сөйтеді де, ұзақ жолда серік болған өлеңін жадында сақтап қалғысы келгендей, әлгі шумақты қайта-қайта қайталайды. Алайда, ішті кернеп, сыртқа тепкен асыл сөздер, жолаушы көңлін жапан түзге жеткізгісі келгендей ақтарылады келіп, төгіледі келіп:

Еркінді қу қайғыға берме, көңлім,
Күйленіп бұрынғыдай керне, көңлім.
Қамығып, жабырқадың неге мұндай?
Талпынып, көкке құлаш серме, көңлім.

Қажыма, ер көңлім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басып тұрса алды-артыңды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер.

дейді ол тағы да.

— Ие, таң... Әділ де адал, еркін таң! — дейді жігіт мөлдір қара көздерін көкке тігіп.

Осы сәтте оның көзі сонадай жерде етпеттей жатқан біреуге түсе кетті. Жігіт селт етті. Тапаншасын қалтасынан жалма-жан жұлып алды... Бұл кім? Дос па, дұшпан ба? Әлде жол торып, жалғызды зарлатқан қарақшы ма?

— Кімсің, әй?! — деді жігіт саңқ етіп.

Жатқанда үн жоқ. Тек түйе шекпенінің етегі ғана асау желдің ырқына көніп, желп-желп етеді.

Жолаушы сақтана басып, жатқанның жанына жетіп барды. О, сұмдық!.. Басына аққан қара қан аппақ сақалын жуып кеткен қартаң кісі, тек кірпігі қимылдап, ессіз жатыр. Жаралы жанның мынадай бейшара халін көрген жігіт, жүрелеп отыра қалды да, шалдың басын сүйеп, аузына қар суының бірнеше тамшысын тамызды.

Әлден уақытта шал есін жиғандай болып, көзін ашты. Аса бір қайрат, қажымаған күш бар еді осы қараста.

— Жүзің жылы бала екесің... — деді ол тілі күрмеліп, — кімсің?..

— Садуақаспын, әке!

— Мен... Мен... Дүйсенбі деген боламын... Атаңа нәлет құзғындар қапысын тауып, жайратып кетті ғой мені... Әттең осыдан тірі қалсам...

Шал онымен тірі қалған жоқ. Жігіт те оны тастап кете алмады. Жел азынаған қара суық далада бірі елден безген, бірі запа шеккен екі жан осылайша көрер танды көзімен атырғанды.

— Аманкелдінің сарбазы болған едім, балам. Тісін қайраған алаштар жазым етті. Ел деп еңіреген ер болсаң, кегімді қайтар менің? — болды шалдың ақырғы сөзі.

Ие, сонымен, азаттық жолында арпалысқан тағы бір жан опат болды. Сарбазды сол жерге жалғыз жерлеген Садуақас қабыр басында ұзақ тұрды.

— Дүйсенбі... — деді ол өз-өзінен, — Неткен жақсы есім бұл. Жаңа аптаның алғашқы, көш басы күні емес пе дүйсенбі?.. Таң атпай, күн шыға ма? Ескі, көнерген апта өтпей, дүйсенбі туа ма, сірә?.. Дүйсенбі...

Осы мезетте айнала шатыр-шұтыр етіп, аспан қақ айырылғандай болды. Нөсер төге жөнелді, жел асқына түсті... Сонау бір көк жиектен нәзік сәуле күлім қақты...

Бұл 1919 жылдың март айы болатын. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ Сарыарқаны



жайлаған ел үйінде Дүйсенбі деген ақын жігіт пайда болды. Болашаққа сенімі мол, өршіл де жігерлі өлең жазған, өзі көркем,

жүрген жері думанды осы жігіт, қалың елдің сүйікті ұлына айналды. Оның:

Табиғат өзгеше боп туған едім,
Белімді жастан бекем буған едім.
Халықтың қорлық көрген туын ұстап,
Әділдік жолын іздеп қуған едім.—

өлеңі жігіт ойын, қайсар қайратын баяндап бергендей еді.

Осы жігіт — Омбы түрмесінен, Қолчак жендеттерінің қанды шеңгелінен қашып шығып, Дүйсенбі деген атпен жасырынып жүрген революционер — ақын Сәкен Сейфуллин еді.

Бостандық таңы атып, Сәкен өз атына қайта көшкенімен де, ол бір кезде азапты сапар жолында жолы түйіскен күрескер қартты есінен шығарған жоқ. Ақынның «Желқайықта», «Асығып тез аттандық», «Қырда» деген революциялық пафосқа толы өлеңдері, баршаға мәлім.

«Тар жол, тайғақ кешу» сияқты өміршіл шығарма берген аяулы ақын, ардақты аға бейнесін біздің жастар қастерлеп еске алады.

Оразбек Бодықов.

АТЫМДЫ АТАМ

Ел аузынан

Бір күні Қожанасыр көршісінің атын сұрап мініп, мылтығын асынып, аңға шығыпты. Түске дейін аң кездестіре алмапты да, шаршап-шалдығып бір елге жетіпті. Бұл елде үлкен той болып жатыр екен. Түске дейін тамақ ішпеген Қожанасыр, атын тойға келгендердің аттарымен бірге байлай салып, тамаққа кірісіпті. Қожанасыр атқа мінерде оның түсіне қарамаған екен. Тамақтанып болған соң, өз атын көп аттың ішінен таба

алмай қалыпты. Бір кезде Қожанасыр, мылтығын жоғары көтеріп:

— Уа, халайық! Мен атымды атам, аттарыңды алыңдар! — деп айғайлайды. «Мынау өз атымен бірге, біздің де атымызды атып жіберер», — деп қорыққан ел, аттарын шешіп әкете бастайды. Жалғыз қалған атқа Қожанасыр қарғып мініпті де, кете беріпті.

Жазып алған Сейтқасым Әбутәлиев.

ШЕТЕЛ ЮМОРЛАРЫ

* * *

— Осы күнге шейін саусақпен есептеуің ұят емес пе, баспен есептеу керек қой, — дейді мамасы төртінші класта оқитын ұлы Франкке.

— Оның дұрыс-ау, мама, бірақ басым біреу-ақ қой, бармағым он.

* * *

— Папа, горн сатып әперші.

— Онда сен дарылдатып құлаққа маза бермессің, ал мен жұмыс істей алмаспын.

— Жоқ, папа, мен сен ұйықтаған кезде ғана дарылдатам.

Бірде Альберт Эйнштейн, ауыр ойға шомып келе жатып, өзінің бір жолдасын кездестіреді.

— Кешке біздікіне келе қойыңыз. Біздің үйге бүгін профессор Стимсон келмекші еді, — дейді сыпайы ғана.

Жолдасы бұған таңырқап:

— Стимсон менмін ғой. — дейді.

— Оның қажеті жоқ, — дейді Эйнштейн бұған мән бермей, — сонда да келіңіз.

ЖАРАС

Әке-шешесі ерте қайтыс болған Жарас өзінің досы Болаттікінде тұратын болды. Болаттың шешесі Нұрила апай Жарасты өз баласынан кем санамайтын. Бірақ, бір күні Болат пен Жарас болымсыз нәрсеге ерегісіп ұрсысып қалды. Ызаға шыдамаған Болат:

— Біздің үйден кет, қу жетім,— деп салды. Содан былай қарай Жарас Болаттікіне келуін тоқтатты...

...Оқу басталды. Жарас бірінші күні де, екінші күні де сабаққа келмеді. Жарастың сабаққа келмеуі туралы ешкім тіс жарып ештеңе деген жоқ. Класс жетекшісі де «Жарас неге оқуға келмей жүр?» — деп сұрамайды. Болатты осы жай кәдімгідей ойландырды. Үйге келсе де, мектепке барса да, Болаттың тынышы кетті. Міне, оқу жылының үшінші күні де өтті. Жарас жоқ. Болат бір күні мектептен үйіне қарай келе жатыр еді, қолында конверті бар жеті жасар қарындасы Сәуле:

— Жарастан хат, Жарастан хат,— деп алдынан жүгіріп шықты. Болат жалма-жан конвертті ашып оқи бастады. «Құрметті досым Болат! Ауданда оқып жүрмін. Кітабымның барлығы түгел. Демалыс күні біздің үйге келетін бол, күтем. Сәлеммен Жарас».

Хатты оқып шыққан Болат үнсіз ойланып қалды. «Ол жетім ғой. Кітапты кім әпермек, кімнің үйінде жүр екен?». Болат не де болса аудан орталығына барып Жараспен кездесуге бел байлады.

Сембі күні сабағын әзірлеп алды да, демалыс күні аудан орталығы қайдасың деп тартып отырды. Автобус тоқтайтын жерде Болатты Жарас екі жолдасымен күтіп алды. Өзі тым өзгеріп кетіпті. Ақ көйлектің жағасын педжагінің сыртына қайырған. Қарақо-

ңыр костюмі өзіне әдемі жарасады. Түймесі ағытулы педжагінің ішінен таза көйлегінің омырауы түгел көрінеді. Бұрынғы реніштің ұшқыны да қалмаған сияқты. Болатты қолтығынан алып:

— Менің ең жақын досым,— деп жолдастарына таныстырды.

— Енді біздің үйге барамыз,— деп Жарас Болатты жетелей жөнелді. Бір көше айналысымен-ақ Болаттың көзі үлкен екі қатарлы үйге түсті. Спорт алаңында балалар доп ойнап жүр. Жарастарды үйге кіре берісте үстінде ақ халаты бар, жылы жүзді мұғалима-тәрбиеші қарсы алып:

— Жарас, ауылдан келген Болат досың осы ма? — деді ол күлімдеп. Болат үнсіз төмен қарады. Тіпті, қысылғанынан терлеп те кетті. Өзінің «Жетім дегенін айтқан шығар» — деген ой Болатты қатты мазалады. Бірақ мұғалима да, Жарастың жаңа достары да әзірге сыр бермейді. Бәрі жалпаңдайды. Жарастар тұратын бөлмеге келгенде де барлық балалар Болатты құрметтеп қарсы алды. «Жарастың досы келіпті!» — деп есіктен сығалаған қыздардың да сөзін Болат естіп отырып, өзінен-өзі қысылды. Жарасты жетім деп беркер айтқан екем деп мұңайды. Сәлден кейін манағы мұғалима көрді ме:

— Қазір барлығымыз кино көруге барамыз. Жарас,

досыңды ертіп жүр,— деді. Манадан бері үнсіз тұрған Болат ауыр күрсініп, Жарастың қолынан ұстай алды да:

— Сен жетім емессің, мені кешір,— деді дірілдеп. Мұғалима да, балалар да Болаттың бұл сөзіне қатты таңырқасты.


Ж. Бозымбеков.

М. Хакімжанова.

РАЙХАН

Келсе Райхан мектептен,
Өтектеп киімін іледі.
Өтектеуді үйреткем,
Оны жақсы біледі.
Ерте тұрып жуынып,
Киімін дайын киеді.
Шашын тарап, лентасын,
Өзі байлай біледі...
Өттеген-ай, Райханның
Салақтығы да жетеді.
Күнде соны айтамын,
Күнде ұмытып кетеді.
Сабағын оқып болған соң,
Сумкеге жинап салмайды.
«Салдың ба?» — деп сұрасам,
«Салдым», — деп мені алдайды.
Есіктен шыға бергенде,
Ұмытқан затын біледі.
Алуға қайтып келгенде,
Үндемей ғана күледі.
Мен де үндемей қараймын,
Ол да зыта жөнелер.
Өтіп жатыр талай күн
Сәулеге ол қашан теңелер?!!

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ



Мұқанның алдында отырған жиені Ділдор.
Суретті түсірген К. Мұстафин.

I

Көктем... Керіліп жатқан кең дала. Алыста сағым шалған Шыңғыс тауы мұнартады. Талай ғасырдың куәсі болған кәрі тау бейне бір шаршағандай сұлық, үнсіз жатыр. Бағанадан бері қыр басында тұрған сұңғақ бойлы, кара торы бала сол жаққа қадала қарап қалыпты. Міне, көктемнің жаймашуақ лебін өздерімен бірге ала келгендей көк әлемінде бір топ аққу ұшып барады. Жаңағы жас баланың бар ынтасы енді соларға ауды. Құс төресі — кербез аққулардың сыңқыл қаққан әсем үні оны тәтті бір ойға батырғандай, әлдеқандай бір бейтаныс қиял дүниесіне ынтықтыра тартқандай. Ол әлі де жым-жырт, үнсіз... Көк шалғынды өзекті айнала қонған ауылдың орта тұсындағы ақбоз үйден толық денелі, ақ сақалды қарт адам шықты. Ол қыр басын-

да тұрған балаға қарап баяу дауыстап әлде не деді. Бірақ бала естімеді. Оның көзі жаңағы аққулар ұшып, ұзап кеткен жақта. Осы тұрған қалпында ол ештеңені байқар да, сезер де емес. Дәл осы сәтте оның есіне әжесі айтатын қызық ертегілердегі пейіштің сайрауық құстары келіп түсті ме, кім білсін?! Жаңағы қарт жас баланың ту сыртынан қарап, риза болғандай үнсіз күледі. Немересінің сыпайы мінезіне, байыптылығына ол да токмейілдік еткендей. Ол баланың жанына келді де, оны арқасынан қағып, басынан сипап қасына отырғызды. Сөйтті де, қарт өзімен бірге ала келген бір қолжазбаны ашып, оқи бастады:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
...Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Дәл осы жерге келгенде қарт қағаздан көзін алды да, қасындағы балаға байыппен барлай қарады. Ұлы ақынның өнегелі сөзін оған өсиет етіп айтып тұрғандай. Бұлар — Абайдың замандасы және оның ақындық өнерін ардақ тұтушы Әуез бен оның немересі жас бала Мұхтар еді. Алғаш ауылдық мектепте, кейін Семей қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияда оқыған шақтарда да Мұхтар атасы Әуез оқып берген осы бір ойлы сөздерді ешуақыт жадынан шығарған емес.

II

Атасының Абай өлеңдерін қайта-қайта оқып беретіні босқа кетпеді. Ұлы ақынның жырлары жас баланың бойында әдебиетке деген құштарлық сезімін оятқан екен. Оның да өлең жазғысы келді. Бірақ ол өлең емес, әңгімеден бастады. Бұл Мұхтардың Семейдегі бес кластық қалалық училищеде оқып жүрген кезі еді. Орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Василий Иванович Попов шәкірттеріне «Менің өмірімде болған оқиға» деген тақрыпқа шығарма жаздырады. Мұхтар осы ұстазының тапсыруымен жазған шығармасын «Дауыл» деп атайды. Мұнда ол өзі көзімен көрген бір оқиғаны: далада катты дауыл тұрып, киіз үйлерді құлатып кет-

кенін баян етеді. Попов шәкіртінің шығармасын оқып шыққаннан соң оның ойының ұшқырлығына, тілінің көркемдігі мен байлығына разы болып, оған өте жақсы баға береді. Жалпы, жас Мұхтардың әдебиетпен әуестенуіне Поповтың көп септігі тиеді. «Мен Василий Ивановичке өте-мөте қарыздармын,— деп еске алады М. Әуезов,— ол менің бойыма орыс әдебиетіне деген зор сүйіспеншілік дарытты, батыс классикасымен таныстырды».

III

Мың тоғыз жүз он жетінші жылдың жазы. Шыңғыс тауының бөктеріндегі Ойқұдық деген жерді жағалай қонған ауыл. Солардың ортасындағы үлкен ақ үй Абайдың әйелі Әйгерімдікі. Үйдің айналасы толған адам. Әрлі-берлі асығып жүрген жандар. Абайдың немере қыздарының бірі ұзатылмақ екен. Жұрт соған жиналыпты. Бұл күнгі жиын әдеттегі қыз ұзату тойынан гөрі басқарақ сияқты. Жабығы түрілген үлкен үйдің төр жағына жұрттың бәрі анталай көз тігеді. Жастар жағы көз алдында болып жатқан оқиғаны қызық көріп тамашаласа, қарттар ара-кідік ауыр күрсініп қойып, үнсіз жас төгеді. Олар халық арасына аңыз болып таралып кеткен, арманда өткен екі жас — Еңлік пен Кебектің аянышты халін осы сәтте өз көздерімен көріп отырғандай. Өйткені, ауылдың сауыққой жастары қойған «Еңлік — Кебек» пьесасы оларға дәл осындай әсер етті. Дала өмірі үшін тосын бұл жәйді ойлап тапқан да, Еңлік пен Кебек туралы пьеса жазған да — сол кезде Семейде оқып жүрген жерінен ауылға келіп демалып жатқан жас талап Мұхтар болатын. Болашақ жазушының шын мәнісіндегі творчестволық жолы осылай басталды. Содан бері ол төрт роман, жиырмадан аса пьеса, ондаған повестер мен әңгімелер, көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін жазды. Олардың ішінде «Абай», «Абай жолы» романдары, «Түнгі сарын», «Шекарада», «Сын сағатта», «Айман — Шолпан», «Қобыланды» пьесалары жұртшылық арасында кеңінен мәлім.

М. Әуезовтың «Көксерек» повесін, «Бүркітші», «Жетім» атты әңгімелерін үлкендермен бірге балалар да қызыға оқиды. Бұл шығармалардың балалар үшін өмір танытушылық маңызы зор.

IV

Жазушының ең көлемді, нағыз күрделі, аса нәрлі шығармасы — оның Абай туралы

романдары. Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеп, материал жинаумен, ол жайында көркем шығармалар жазумен М. Әуезов отыз жылға тарта уақыт бойына шұғылданды.

1937 жылы Пушкиннің қайтыс болғанына жүз жыл толуы қарсаңында республиканың әдеби журналдарында М. Әуезовтың «Татьянаның қырдағы әні» атты шығармасы жарияланды. Бұл — Абай туралы болашақ романның бір тарауы еді. Содан бері жазушы ұлы ақынымыз Абай жайында үлкен-үлкен төрт кітап жазды.

Бірінші кітап бала шәкірт Абайдың қаладағы медреседен туған аулына қайтып келе жатқан сапарын суреттеуден басталады. Жазушы Абайдың балалық кезін, жігіттік шағын, ел ағасы болған уақытын, оның бүкіл өмірлік жолын кеңінен суреттейді. «Абай», «Абай жолы» романдарында қазақ халқының жартығасырлық өмірінің шынайы көріністері бар. Абайдың ақындығын, оның өз халқын өнер-білімге, мәдениетке үндеген еңбегін, орыстың озық ойшылдарымен достығын жазушы әсерлі, тартымды бейнелеген.

Абай туралы романдар ұлы ақынның қайтыс болуын суреттеумен аяқталады. Бірақ ол өзі баулыған буынның, өз халқының жаңа заманға қарай беттеп бара жатқанына және олардың соны көретіндігіне кәміл сеніп кетеді.

Қазақ жазушылары шығармаларының ішінде басқа халықтар арасында ең мол таралғаны — М. Әуезовтың Абай туралы романдары. Олар орыс тілінде он бес рет шықты, латыш, тәжік, өзбек, украин, литван, қырғыз, ұйғыр, түркмен, азербайжан, армян, татар тілдерінде басылды. Ал, шетелдерде оны чехтар, немістер, болгарлар, албандықтар, румындар, венгерлер, словактар, поляктар, қытайлар, ағылшындар, француздар, түріктер өздерінің ана тілдерінде оқиды. Роман үнді тіліне де аударылды.

Таяуда «Абай» романы Канадада басылып шықты. Баспаның «Сіздердің тұңғыш қазақ авторыңыз» деген оқушыларға арналған жарнамасында былай деп жазылған:

«Оқушыларымыз, сіздерге қазақтың ұлы ақыны Абай туралы ағылшын тілінде шыққан ғажайып романның бірінші басылуын мақтанышпен ұсынып отырмыз.

Өзгеге көңлім тоярсын,
Өлеңді қайтіп қоярсын...

деп жалынды жыр жазады екен ақын. Абзал жанды ақынын халқы ұйып тыңдаса керек. Қазақ дегеніңіз қандай ержүрек, неткен кең пейіл, өнерлі халық. Бұл туралы бұрын-соңды мардымды ештеңе білмегенбіз. Халық өмірі жан толқытарлықтай жақсы суреттелген, көркем кестеленген «Абай» романы арқылы сіздер қазақ өмірімен танысасыздар».

Мұхтар Әуезов өзін мәпелеп өсірген, тәрбиелеген халқының даңқын бүкіл әлемге осылайша таратты.

1949 жылы М. Әуезовке «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. Ал биыл Абай туралы төрт томдық эпопеясы үшін жазушы Лениндік сыйлықтың лауреаты атағына ие болды.

V

Әуезов үлкен жазушы ғана емес, сонымен бірге көрнекті қоғам қайраткері де. Ол — Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты, бейбітшілікті қорғаудың советтік комитетінің мүшесі, Лениндік сыйлықтар комитетінің мүшесі.

Ол Чехословакияда, Германияда болып, өз романдарының оқушыларымен кездесті. Индияға барып қайтып, ол жайында очерктер кітабын жазды. Жазушы Япония мен Мысырға да барып қайтты. Өзі болған шетелдерде М. Әуезов сәт дәуірінде қайта туған қазақ халқының жана өмірі, жарқын тағдыры жайында айтады.

Тек соңғы жылдардың өзінде М. Әуезов дүние жүзінің көптеген белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлерімен танысты. Олардың ішінде Индияның премьер-министрі Джавахарлал Неру, ағылшынның көрнекті қайраткері Моника Фелтон, түріктің атакты ақыны Назым Хикмет, неміс жазушысы Анна Зегерс, француз жазушысы Луи Арагон, қытайдың үлкен ғалымы әрі ақыны Го Можо және басқалар бар. Сөйтіп, М. Әуезов өзінің жазушылық еңбегімен де, қоғамдық қызметімен де халық игілігіне, бейбітшілік ісіне өз үлесін қосуда.

VI

Москва. Кремльдің үлкен сарайының кең залы. Орта Азия республикалары мен Қазақстанның еңбекте үздік шыққан өрендеріне, жазушылары мен мәдениет қайраткерлеріне үкіметтік наградалар тапсыруға арналған салтанатты жиналыс. Міне, сахнаға қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов шықты. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов М. Әуезовке «Еңбек Қызыл Ту» орденін тапсырып тұрып былай деді:

«Сіз өз халқыңыздың ұлы халық екендігін көрсеттіңіз, сіз оның даңқын шығардыңыз және бұдан да артық даңққа бөлейсіз деп сенемін. Абай туралы, өзіңіздің ұлы халқыңыз туралы сіздің еңбегіңізді бүкіл Отан біледі». Бұл — үлкен жазушымыздың еңбегіне берілген лайықты да әділ баға еді. Шындығында да, М. Әуезовтың романдары бүкіл ұлан-байтақ Отанымызды мекендеген бауырлас, досжар халықтардың ең бір сүйіп оқитын шығармаларына, олардың рухани серіктеріне айналып кетті. Олар өздерінің дән разы пікірлерін, ықлас сезімдерін баспа бетінде де, жазушының өзіне тікелей де білдіріп жатады. Алғыс сезіміне толы мұндай хаттарды жазушы жүздеп, мындап алады. Сол хаттардың бірінің авторы — Нина Михайловна Чернышевская, ұлы демократ, асқан ойшылдың немересі.

«Аса қадірлі Мұхтар Омарханұлы!

Сіздің «Абай» атты тамаша кітабыңызды терең толқынған сезіммен оқыдым. Қазақ халқының ізгі де талантты, өршіл перзентінің сіз жасаған ерлік бейнесі совет жастарын тәрбиелейтін және шынықтыратын болады. Н. Г. Чернышевскийдің немересі — менің осы бір әсем, терең патриотизмге толы, шабытты кітабыңыз үшін шынайы алғысымды қабыл алыңыз», — деп жазады ол.

Өзінің ғажайып шығармаларымен, тамаша еңбегімен жазушы жекелеген оқушылардың ғана емес, бүкіл елдің, тұтас халықтың шын алғысына, мөлдір махаббатына бөленді. Дер шағына келген жазушы болашақта да көптеген кесек, көркем шығармалар жазып, туған халқының даңқын шығара бермек.

Айқын Нұрқатов.

Филология ғылымының кандидаты.

СУ АСТЫНДАҒЫ АЙҚАС

Жаз айының бір күнінде біз, Сыдық екеуіміз, теңіз жағасында қармақ салып отырдық. Түс ауғанына қарамастан, күн ыстық еді. Ұшпа бұлттар бірінен соң бірі күн көзін көлегейлеп, теңіз бетін көлеңкесімен қарақошқыл түске енгізіп, жылжып өте шығады. Жағадан ескен баяу самал теңіз бетіне болар-болмас қана әжім енгізіп, бейнебір жаюлы жатқан көк жібек орамалша толқытады. Теңіздің жағаға жақын шеті түп-тұнық болып мөлдіреп, су асты ап-анық көрініп тұр. Теңіз бетіндегі бұл тыныштықты әлдекім тас лақтырып жібергендей-ақ суды шолп еткізіп шоршып ойнаған балықтар ғана бұзып кетеді. Бұл олардың су бетіне қонған масса-шыбынды қағып жеп жүргендегісі еді. Міне сондықтан да олар сенің қармағыңдағы жеміңе қарамай, оның тап түбінен бірін-бірі қуалап өте шығады. Мұндайда өкінесің де қармағыңды судан суырып алып, тереңге қарай, қашықтау лақтырып жіберіп отыра бересің.



Бір уақытта ұзындығы екі қарыстай алашұбар шортан құйрығын анда-санда бір қозғап-қозғап қойып, біздің қармағымыздың тұсынан өтіп бара жатты. Тап сол кезде аяғын тарбаңдатқан бірдеме шалаудың (теңіз өсімдігі) арасынан шыға келді де, шортанды бас салды.

Сол-ақ екен, шортан бүктеле кейін қайырылып, аузын арандай ашқан күйінде оған тап берді. Содан кейін су асты опыр-топыр не болып, не қойғанын біле алмадық. Бірақ су астының тынымсыз шалпылдап лайлануы үлкен айқастың болып жатқанын білдіріп-ақ тұрды.

Мен бас киімімді лақтырып ұрып, суға сүңгімекші бола бергенімде, Сыдық шап беріп белімнен құшақтап алды да:

— Тұра тұр, байқап көрейік! — деді.

Су астындағы айқастың немен бітерін асыға күтіп, үңіле түсудеміз. Үш-төрт минут шамасы өткен кезде, су астындағы шалпыл бірте-бірте бәсеңсіп барып тынды да, су бетіне ондатрдың өлімтігі қалқып шыға келді. Сыдық ондатрды судан көтеріп ала берді де:

— Міне қызық! — деді. Бізді таң қалдырған — ондатрдың тамағынан тістеп судан ілесе шығып келе жатқан шортан еді.

Ондатр әлгінде шалаудың арасынан шыға келіп, шортанды құйрығынан бас салған кезде, шортан оның тамағынан қышқаштай қадалып алып, айырылмаған екен. Ондатр шортанға тиерін тисе де, одан құтылу үшін көп әрекет жасаған көрінеді. Шортанның денесіндегі айғыз-айғыз ізі аңғартып-ақ тұр. Су жыртқышы шортан да тістеген жеріне кенедей қадалып, бәріне де шыдап бағыпты. Ал, су астында бес минуттан артық уақытқа шыдай алмайтын ондатр демі бітіп, тұншығып өліпті.

Сыдық шалажансар жатқан шортанның қарысып қалған жағын шаққа дегенде жазып, ондатрды босатып алып:

— Бұл өзі балық жейді деуші еді, рас екен-ау! — деді оны айналдыра қарап тұрды да.— Бірақ әлі де өмір тәжірибесі аз, жас ондатр екен. Болмаса, су қасқыры — шортанға жоларма, — деді.

Ондатрлар майда балықтарды жейді дегенді мен балықшылардан бұрын да талай есіткенмен, нанбайтын едім. Бұл сөздің растығына су астында болған осы айқастан кейін ғана сенетін болдым.


Шабәқ Мұхамеджанов.

ШАНЫШҚЫ

АШҚАРАҚ

Жентек-жентек май салды
Сумкасына.
Ұмытпады құрт та алды,
Булкасын да.
Тоңазыған ет сонда
Кесек-кесек,
Алма деген көп онда
Керек десек.

Мектепке барғаннан соң
Есіне апты —
Кітабының көбісі
Үйде қапты.



«СПОРТШЫ»



Әділбек әр шыбыққа,
Күш көрсетті сындырып.
Дейді дағы: «Шыныққам!»
Жүрді ылғи бүлдіріп.

Үзілістің кезінде
Соғып өтті оқыс кеп.
«Бұл не?!» — деп ем,
өзімді
Түйіп кетті «Бокс!» — деп.

«Қой!» — дегенге көнбеді,
«Қой!» — дегенді сүймеді.
«Штангистпін мен!» — деді
Парталарды сүйреді.

Көтерем деп партаны,
Жығылып қап ақыры,
Сия үстіне төгіліп,
Болды аймандай «батырың».

Жәнібек Кәрбозин.



Жорық дәптерің балсын

Қазір, жыл мезгілінің еңбір тамаша маусымы. Шілденің маужыраған күміс күні нұр сәулесін жер бетіне мейірлене төгіп тұр. Тіршілік атаулы түгел жадырап, жан-жануар аунап-қунап, рақатқа батуда.

Жорықтың дәстүрі сендерге мәлім. Жорыққа не қажет екенін, нендей жабдықтарды алып шығуды сендер жақсы білесіңдер, балалар! Сол қажетті жабдықтардың біреуі жорық дәптері ғой. Кәнекей, осы дәптер бәріңнің де қолдарыңда бар ма? Әрине, болуға тиіс. Оны еш уақытта естен шығармау керек.

Дәптер! Бұл саған аса қажет, жас турист! Сен, кейде бір күндік, яки үш күндік, немесе бір апталық, кейде, тіпті онан да көп мерзімдік жорыққа шығасың. «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» дейді қазақ мақалы. «Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп», «Жүре-жүре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген сияқты, жол жайында толып жатқан мақал бар. Мінекей, жолға шыққанда сен талай елді, талай жерді көресің. Өртүрлі адамдармен кездесіп, кеңесесің. Туған өлкеңнің табиғатымен, тарихымен танысасың. Міне, осы жолда сенің ең жақсы серігің күнделік, жорық дәптері болып табылады. Жолшыбай көрген-білгеніңнің, естігеніңнің бәрін осы дәптерге жазып отырғаның жөн.

Ең әуелі бұл дәптерге өзіңнің жорыққа нендей мақсатпен шыққаныңды, қайда баратыныңды, оған қалай жететініңді, қашан қайтып оралатын мезгіл шамаңды анықтап жазып қой. Күнделікке кез келген нәрсенің бәрін бірдей тізе бермей, байқаған, аңдаған байымдауларыңның басты-бастыларын ғана жазып отыр. Сенің қандай тамақ ішкенің, жолшыбай аяғыңды сулап алғаның ешкімге қажет емес.

Ленинград маңындағы бір пионер лагерінің пионерлері жорықта мынадай күнделік жасапты:

19 июль. Үш күндік жорыққа шығамыз. Совхозда жұмыс істейміз, басқа лагердің балаларымен футбол мен волейбол ойнаймыз. Қара өзеннің жағаларын зерттейміз, ең соңында, азимутпен бұрын көрмеген тоғайдың ішін кеземіз. Тезірек жолға шықсақ екен...

20 июль. Таңертең ерте тұрып совхоз даласында картоп егісінің түбін шабықтадық. Балалардың бәрі ынтасымен жұмыс істеді. Бірақ, пионерлердің кейбіреуі картоп шабықтауды білмейді екен. Енді олар да үйренді...

Күнделіктің соңғы бетінде: «Бүгін ең соңғы түн. От жағып отырмыз. Ертең қайтадан өзіміздің лагерге барамыз... Жорықта біз көп нәрсені үйрендік, талай қызықтарды көрдік, бәрінен бұрын, өзіміз бір-бірімізбен бір кісідей достасып алдық. Осы саяхатқа шыққанымызға бәріміз де қуандық...»

Мінекей, күнделікті, жалпы алғанда, осы тұрғыда жасау керек.

Әсіресе, Қазан, Чапаев қалаларындағы мектеп пионерлерінің ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туған, болған жерлеріне саяхат жасағандағы күнделік дәптерлері өте қызық.

Ал, сен атақты саяхатшы, сүйікті жазушы Владимир Клавдиевич Арсеньевті білесің бе, жас турист! Оның есімін сен білуге тиіссің. «Дерсу Узала» деген тамаша кітапты оқыған боларсың. Ол осы кітаптың авторы. Егерде, бұл кітапты оқымасаң, кітапханаңнан алып, міндетті түрде оқып шық.

Приморскі өлкесі, Чугуев ауданындағы Кокшаровка деревнесіндегі мектеп пионерлері сол атақты саяхатшы Арсеньевтің жүрген жолымен жүріп, көп жаңалықтарды ашқан, көрген-білгендерін күнделік дәптерлеріне жазып отырған.

Мұның бәрі саған үлгі, жас турист! Сен жорыққа шыққанда еліміздің атақты адамдарымен, Совет өкіметін орнатушы қарт революционерлермен, азамат соғысының жауынгерлерімен кездесесің. Революция жолында, Отан қорғау жолында ерлікпен қаза тапқан ерлерге орнатылған ескерткіштерді көресің. Оларды білетін жергілікті адамдармен тілдесесің. Талай-талай еңбек ерлерімен — даңқты малшылармен, озат шахтерлермен, тәжрибелі аңшылармен, тағы тағылармен кеңесесің. Олардың айтқан қызық-қызық сөздерін жазып алу үшін жан серігіңді ұмытпа. Ол серігің — жорық дәптері. Жорық дәптері пионерлік жақсы істердің куәсі болады.

Түйме

Бір күні Ермек мектептен түйме қадауды үйреніп қайтты. Япыр-ау, бұрын неғып байқамаған. Түйме қадау онайдың онайы екен ғой. Инеге жіпті сабақтап, ұшын түйіндейді екен. Киімнің екі өңірін қаусырып, түйме қадайтын жерді межелеп алады екен. Сосын түйменің көздерінен инені әрлі-берлі өткізе берсе, іс бітіп жатыр екен.

Түс кезі еді. Ермек үйіне көңілді келді. Келген бойда ойнап жүрген төрт жасар қарындасын қасына шақырып алды да:

— Сен білесің бе түйме қадауды? — деді.

— Жоқ, — деді қарындасы басын шайқап, — сен білесің бе?

— Білем, үйретейін бе саған да?

— Үйрет!

— Әкел ендеше пальтонды.



Маржанның мақталы, қара масаты пальтосы бар еді. Жүгіріп барып, төргі үйден алып келді. Түймелерінің бәрі орынорнында. Үзілгені жоқ. Басбармақтай қаракөк түймелер жұтып қоятындай жылтылдап тұр. Ермек қарындасының пальтосын

алдыруын алдырса да, не істерін білмей, бір сәт ойланып қалды. «Қиып тастап, қайтадан қадап берсем бе екен?» Бұл ойы өзіне ұнап кетті білем:

— Тез, Маржан, қайшы әкел! — деді асықтырып.

Қарындасы тымп-тымп жүгіріп, қайшыны да жеткізді. Ермек көк жұлған лактай, өткір қайшымен түймелерді біртіндеп бырт-бырт қия бастап еді. Маржан шыдап тұра алмады. Киіміне жаны ашып:

— Үзбе түймемді! — деп баж етті.

— Тұра тұр, қызық болады, — деді Ермек, пальтоға жармасқан қарындасының қолын қағып.

— Не қызық?

— Қазір... қазір қадап берем қайтадан. — Маржан көнді. Ермек қарындасын оған-бұған жұмсап отыр.

— Ине әкел! Жіп әкел!

Маржан мамасының оны-мұны салатын қобдишасын сол күйінде көтеріп келді. Қобдишада жіп те, ине де бар екен. Жұдырықтай төккен жіпке шаншулы тұрған инені алып Ермек:

— Маржан, мә, сабақта. — деді.

Маржан көршідегі кемпірге талай рет ине сабақтап бергені барды. Қиналған жоқ, көзді ашып жұмғанша сабақтады да тастады.

— Міне, қара, — деді Ермек, инені қолына алып.

Маржан қадала қарап тұр. Ермек таңқы мұрнын қос-қосынан тартып, пысылдап, терлеп-тепшіп қадап жатыр. Бір кезде ол сұқ саусағына ине шаншып алды. Бірақ, сыр берген жоқ. Қарындасына сездірмеймін деді ме, қабағын шытса да, дыбыс шығармай, шыдап бақты.

Түймелер орын-орнына қадалып болды. Ермек масаттана жымып:

— Үйрендің бе? — деді қарындасына.

Маржан бас изеді.

* * *

Тамақ ішіп сабақ әзірлеп болғаннан кейін Ермек тағы тыныш отырған жоқ. Түйме қадау қызық, ермек сияқты. Енді ол шкафты ашып, папасы мен мамасының киімдерін аударыстырды. Үзілген түйме болса, қадап қоймақ еді. Бағына қарай, папасының қа-



рақол жағалы, сұр пальтосының оң өңірінен бір түйме үзілген екен. Күшпен жұлынған болуы тиіс, үзілген жіп тұлымданып тұр. «Қадап қояйыншы» — деді Ермек қуа-

нып, ол қадайтын түйме таба алмады. Со-сын, көп бас қатырған жоқ, өзінің жеңінен бір түймені үзіп алып, қадай салды.

Кешкілік ол, жұмыстан оралған папасы мен мамасының алдынан жүгіре шықты.

— Түйме қадауды үйрендім мен, — деді көзі күлімдеп.

— Айналайын, ақылдым! — деді ма-масы бетінен сүйіп.

— Азамат бопсың ғой онда, — деп па-пасы қуанды.

— Менің түймемді қадап берді, — деді Маржан ағасын мақтап.

— Қайдағы түйме?! — деді мамасы елеңдеп.

Маржанның киіміндегі түймелер тегіс қадаулы болатын. «Сірә, үзіліп қалып, со-сын қадап берген ғой» деп ойлап еді. Мар-жан пальтосын алып жетіп келді. Көріп еді, түймелер түгелдей орнында. Бірақ, ақ жіппен қадапты. Қабағын түйіп:

— Осы ма қадағаның. Жетістірген екенсің. Қара пальтоға ақ жіппен түйме қадағаны несі? — деп кеі бастап еді. Мар-жан қарап тұрмай, тағы бір нәрсені шы-ғарды.

— Папамның пальтосына да қадады.

Папасы өзінің пальтосына қадаған Ер-мектің кішкене түймесін көріп жымиды да:

— Бұған не айтасың? — деді.

Не айтсын, күліп жіберді мамасы да.

Нәсіреддин Сералиев

МӘДЕНИЕТ ЖАРШЫСЫ

(Ыбырай Алтынсариннің қайтыс болғанына 70 жыл).

Қазақ балаларына арналып жазылған ең алғашқы кітап бұдан сексен жыл бұрын, яғ-ни, 1879 жылы жарыққа шыққан еді. Оның бірінші беті:

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық! —

деп басталатын әйгілі өлеңмен ашылатын. Халқымыздың мәдениет пен экономика жа-ғынан мешеу кезінде туып, бірнеше ұрпақ-тын озық тәрбие мен өрісі кең білім алуына көп жәрдемін тигізген бұл аса қымбат кі-тап — қадірлі атамыз Ыбырай Алтынсарин-нің кітабы еді.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Тобыл өзенінің бойында, Қостанай қаласынан үш-

төрт шақырым жердегі ата мекенінде дүние-ге келді. Болашақ ағартушының өз әкесі — Алтынсары ерте қайтыс болып, оның бүкіл балалық шағы атасы — Балғожа бидің тәр-биесінде өтті. Балғожа 9 жасар Ыбырайды 1850 жылы Орынборға Шекаралық комис-сияның қазақ балалары үшін ашылған мек-тебіне оқуға берді. Ыбырай өзінің зеректігі мен өткірлігін мектепке түскен күнінен бас-тап-ақ байқатты. Соның нәтижесінде ол 1857 жылы мектепті өте жақсы деген бағамен бітіріп шықты. Ыбыраймен бірге оқыған жастардың көпшілігі-ақ патша өкіметіне жағынып, шен мен шекпен үшін қызмет етіп кетті. Саналы азамат — Ыбырай бұл жолды қаламады. Қазақ халқының озық мәдениет пен өнер-білімнен кенже қалып отырғанды-

ғы және оларға құмартуының бірте-бірте арта түсіп келе жатқандығы Ыбырайдың ой дүниесінде берік орын алған мәселе болды. Ол бұған лайықты іспен жауап берудің жолдарын іздестірді. Оның 1860 жылдан бастап біржолата ағартушылық, мұғалімдік жұмысқа ауысуының өзі сол іздену, толғанудың нәтижесі еді. Әйтседе, мектеп ашуға Ыбырайдың қолы бірден жете алмады. Жергілікті жердің надан басшылары оған әрдайым кедергі жасады, мектеп туралы мақсатын мазақ етті. Осының салдарынан оның күш-жігерге толы жемісті төрт жылы бос өтті. Бірақ, соның өзінде де ол жалпы халыққа өнер-білімнің мәнін таныту мақсатымен өз үйінде 3—4 баланы ақысыз-пұлсыз өзбетімен оқыта берген еді. 1864 жылы январьда ғана Ыбырай көптен арман еткен мектебін аша алды. Бұл — Ыбырай өміріндегі ең бір қуанышты кезең болды. 1879 жылы қазақ даласындағы бірен-саран мектептер үшін инспектор тағайындау мәселесі шешіліп, Ыбырай бірінші болып, осы инспектор қызметін атқарды. Бұл жұмыс Ыбырайдың қазақ арасында халық ағарту ісін едәуір өркендетуіне мүмкіндік берді. Осы тұста ол төрт уездік мектеп, бес болыстық мектеп, бір ауылшаруашылық мектебін және қыздар мектебін ашты. Бұл мектептер қазақ даласына озық өнер, білімнің алғашқы ұрығын шашқан өз заманының үлкен мәдени орталығы болды. Олар орыстың озық мәдениетінің қазақ арасына тарай бастауына да, сондай-ақ қазақ еңбекшілірінің орыс мәдениетін тану, меңгеру процесіне де көп әсерін, жәрдемін тигізген еді. Ыбырай өзінің ағартушылық қызметінде әсіресе кедей шаруаның балаларының оқып, білім алуына баса назар аударды. Оның атақты жазушы Спандияр Көбеевті және соңғы кезге дейін мұғалім болып істеген Әдіғали Балғынбаевтың т. б. жетім-жесірліктеріне қарамастан мектепке күшпен алдырғаны мәлім. Ыбырай қоғам қайраткері ретінде әбден толысқан кезінде, 1889 жылдың 30 июлінде, 48 жасында, қайтыс болды. Тамаша ағартушының сүйегі өзінің туған жерінде (бұл жер Ыбырайдың қызметіне байланысты кейін «Инспектор көлі» атанып кеткен) жерленді.

Ыбырай қазақ халқының мәдениеті тарихында тек ағартушы ретінде ғана емес, озық идеялы жазушы ретінде де үлкен орын алады. Өз дәуірінің білімді де саналы адамы Ыбырай халықтық үлгідегі мектептерді ашумен ғана тынбай, ол мектептер үшін тың оқу құралдарын жасаумен де көп шұғылданды. Ағартушының көркем шығармаларының жинағы — «Қазақ хрестоматиясы»

осындай игі мақсатқа байланысты туған еді. Бұл еңбек қазақ жазба әдебиетінің алғашқы беттерінен саналады және біздің демократиялық бағыттағы жазба әдебиетіміздің алғашқы туындылары тікелей жас өспірімге лайықты шығармалар жасау барысында туғандығын білдіреді.

Ыбырай шығармаларындағы ең негізгі тақырып оқу, білім мәселесі болды. Қазақ халқын озық өнер мен мәдениетке жеткізуді арман еткен Ыбырай қай шығармасында да оқып білім алуды, халық үшін қызмет етуді, қоғамға пайдалы адам болуды насихаттады. Бұл ретте оның әсіресе «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер білім бар жұрттар» өлеңдері айырықша назар аударады. Осы өлеңдерден бастап қазақ әдебиетінде халық ағарту тақырыбы берік орын алды. Сондай-ақ, қазақ қауымында өнер, білімді лайықты мадақтаудың, уағыздаудың алғашқы қарлығашы ретінде қызмет етті.

Педагог — жазушы Ыбырай еңбек мәселесіне айырықша көңіл бөлді. Ыбырайға дейінгі әдебиетімізде еңбек тақырыбы мүлде көтерілмеген еді және қоғамдық өмірде еңбек туралы көзқарастың өзі нашар болатын. Ыбырай еңбек тақырыбын негізгі мәселелердің бірі ретінде әдебиетке алғаш әкелумен бірге, ол туралы ескі көзқарасты өзгерту саласында да зор істер істеді. Ыбырай өзінің «Бай мен жарлы баласы» атты атақты әңгімесінде Үсен арқылы еңбек адамының бастапқы сәтті қадамдарын суреттеді. Халықтың бай тәжрибесіне сүйенетін Үсен табиғаттан өзіне қажет заттарды таба да, пайдалана да алады. Жас бала Үсеннің ісі әзірге аз болғанмен, келешегі зор. Өсе, толыса келе оның үлкен істерді де жүзеге асыра алатындығына ешбір күмән туғызбайды. Жазушының Үсен арқылы айтпағы да осы. Осы арқылы ол еңбек адамының әрекетінен көп үміт күткен, оның келешегіне зор сеніммен қараған. Жазушының «Қыпшақ Сейткүл» әңгімесіндегі Сейткүлді еңбектегі үлкен табыстары үшін шабыттана, жұртқа үлгі ете суреттеуі де осыдан.

Ыбырай қазақтың демократиялық бағыттағы әдебиетінің негізін салды, әдебиетімізге көптеген тың тақырып, соны образдар әкелді. Қазақтың әдеби тілінің алғашқы іргесін қалаған да Ыбырай. Ыбырай қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, көптеген ой-армандарын жүзеге асыра алмады. Олар бүгінгі социализм заманында ғана елімізде толық салтанат құрып отыр.

Әнуэр Дербісәлин.

Қауғаға қара


Балалар, география — сендердің сүйікті пәндерің. Оны қызығып, сүйіп оқыңдар. Сендер дүние жүзіндегі мемлекеттердің көпшілігін, әсіресе, ірі мемлекеттерді жақсы білесіңдер. Алайда, жер жүзінде толып жатқан ұсақ елдер де бар. Олардың көпшілігі империалистік мемлекеттердің отары. Біразы қазір отаршылдық құлдыққа қарсы, тәуелсіздік үшін, азаттық алу жолында ерлік күрес жүргізуде. Сонымен бірге, әлі де ояна алмай, отаршыларға қарсы күреске жұмыла алмай жатқан да елдер аз емес. Міне, сол империалистік құлдықтағы, елеусіз ұсақ елдерді де сендер білуге тиісіңдер. Біз журналдың осы санынан бастап, біртіндеп сол кішкентай елдердің жайын таныстырамыз.

АЛЖИР

Алжирді, қазір дүние жүзінің еңбекшілері жақсы біледі. Алжирдің ержүрек ұлдары мен қыздарының жауынгерлік істері соңғы жылдары жер шарындағы барлық адал ниетті адамдарды сүйсіндіруде. Олардың күресіп жатқан жаулары кім? Ол — француздың билеп-төстеушілері.

Алжир — Африканың солтүстік-батыс жағындағы Францияның отары. Ол солтүстік жағында Жерорта теңізімен шектесіп жатады. Жерінің көлемі — 2191 шаршы километр. Халқының саны — 9 620 мың; негізгі халқы араптар мен берберлер (89 процент). Сонымен бірге, онда европалықтар да (француздар, испандықтар, итальяндықтар) тұрады. Әкімшілік орталық қаласы — Алжир. Мұнда 315 мың, ал төңірегіндегі тұрғындарын қосқанда, жарты миллионға жақын халық тұрады. Жері таулы келеді.

Алжир — аграрлық ел. Ауылшаруашы-



лық дақылдарынан негізінен егетіні; бидай, арпа, сұлы, жүзім, миндаль, сондай-ақ, овощ, темекі, мақта, жүгері, малдан — сиыр, қой, ешкі, жылқы мен түйе т. б. есіріледі.

Ал, пайдалы кенбайлықтарын өндіру істері француз капиталының қолында. Француз капиталистері жыл сайын Алжирден миллиондаған тонна темір рудасын, фосфорит, тас көмір өндіреді. Аз да болса, мырыш, қорғасын, сынап, күміс те өндіріледі.

Елді Француз президентінің еркіне берілген генерал-губернатор билеп-төстейді. Оның қол астында 6 мүшеден тұратын үкімет кеңесі болады. Ал, халық бұқарасы билеуші топтарға да, француз отаршыларына да қарсы. Олардың тұрмыстары ауыр, қайыршылықпен күн көреді. Сондықтан, тәуелсіздік, азаттық алу жолындағы Алжир еңбекшілерінің күресі күн санап өрістей түсуде. Отаршыларды жеңіп, империалистік құлдық бұғауын тас-талқан етіп, олардың азаттық алуы сөзсіз.

Өйткені, Алжир патриоттарының күресін дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш адамдарының бәрі қуаттайды. Ең алдымен, бейбітшіліктің және демократияның тірегі — Советтік Социалистік Республикалар Одағы қуаттайды.



КІМ КІНӘЛІ

Садық үйге келді де, сумкасын лақтырып тастады. Стол үстіндегі тұрған тамақты шала-пұла ішті де, ойнауға кетті. Садық кеткен соң оның інісі Марат сумкасының бауын ала күшіктің мойнына іліп қойып, ойнай бастады. Әрі-беріден соң Марат та далаға кетті. Ала күшік мойнындағы сумканың бір жағын айырып тастап, ішіндегі кітаптарды ба жыртып. Ала күшік сумканың мойынға ілінген бауын үзді де, босанып кетті.

Кешке ойыннан қайтқан Садық (оның соңынан ала күшік үйге ере кірді) ертеңгі сабақ есіне түсіп, сумкаға жармасты. Қараса, сумкасының бауы үзіліп, кітаптары жыртылған. Мұны көрген Садық: «Мұны кім бүлдірді?» деп айқай салды. Бұл дауысты естіген ала күшік үйшігіне тайып отырды.

Б. Нәріков.


Гурьев облысы, Жылой ауданы, Н. А. Островский атындағы Құлсары жетіжылдық мектебінің оқушысы.

ОҚУШЫ — МЕХАНИЗАТОРЛАР

Біз шофер болуды, тракторшы болуды арман қылатынбыз. Ақыры көптен күткен сол арман орындалды. Мектебімізде шоферлар мен тракторшылар даярлайтын қысқа мерзімдік курс ашылғанда қандай қуандық десеңізші! Ол курсқа жоғары класс оқушыларынан жүзден астамы жазылып, оқуға кірісті. Біз аз уақыттың ішінде ызғытып машина айдап, тракторге отырып кең далада жосылатын да болып алдық. Қазір курсты бітіріп шыққандар шофер, тракторшы, тіркеуші болып жұмыс істеп жүр.

Т. Жұмабеков.

Қарағанды облысы. Ұлытау ауданы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі В. Сибирцевтің «Жорықта» деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.


Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 6/VI 1959 г. УГ03325 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 37600. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 993.





РЕБУС

Ребусты дұрыс шешкенде, халық мақалы шығады.

Ребусты жасаған Қ. Сәмбетбаев.

Талдықорған облысы, Киров ауданы, Куйбышев орта мектебінің оқушысы.

ОЙЛАП ТАП

1. Серік қолындағы алмасына қарап тұрып, Берікке:

— Сен өзіңнің алмаларыңнан маған бір алма берсең, менің алмам сенің алмаңнан екі есе көп болар еді,— деді.

Берік оған:

— Бұл әділетсіздік болады, онан да сен бір алманды маған бер, сонда екеуміздің алмамыз бірдей болады,— деді.

Серіктің неше алмасы, Беріктің неше алмасы бар еді?

2. Бір топ қарға ұшып келіп ағаштың басына қонды. Ағаштың әр бұтағына екі қарғадан қонып еді, бір бұтақ бос қалды. Қайта ұшып қонғанда, әр бұтаққа бір қарғадан қонды, сонда бір қарғаға бұтақ жетпей қалды.

Ағаштың неше бұтағы бар, ұшып келген қарғалардың саны қанша?

Н. Миршанов.

Алматы қаласы, дербес пензионер.

Журналдың 2-санындағы чайвордтың жауабы

1. Ампер.
2. Реостат.
3. Термометр.
4. Резонанс.
5. Столетов.
6. Вольт.
7. Торичелли.
8. Изолятор.
9. Ротор.
10. Рулетка.
11. Анод.
12. Динамика.
13. Атом.
14. Мензурка.
15. Авогадро.
16. Ом.
17. Моксвел.
18. Лодыгин.
19. Ньютон.
20. Нейтрон.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Баратұрсын Шаужанов (Талдықорған облысы, Қапал ауданы, Қоңыр жетіжылдық мектебі), Карашаш Мақшиева, Б. Сүюбаев

(Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы.)

Журналдың 3-санындағы жұмбақтардың шешуі:

1 Саусақ. Қар. Жұлдыз. Бұлт. Жер.

Жұмбақтың дұрыс шешуін бірінші жібергендер:

Қамша Шегалиева (Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жетітөбе жетіжылдық мектебінің оқушысы), Үміт Сейтімбекова (Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы, Ленин атындағы орта мектеп оқушысы).

Мына суретте көрсетілген автоқалам жазу қызметін атқармайды. Себебі, бұл — радиоқабылдағыш.




Мұндай радиоқабылдағыш Америкада шығарыла бастаған. Оның салмағы, небәрі, 56-ақ грамм. Бұл

Сен білесің бе?

радиоқабылдағыштың батареясы, антеннасы және монтажи автоқаламның құндағына орналастырылған.


ТЕЛЕВИЗОРЛЫ МИКРОСКОП

Мына суретка қараңдаршы. Суреттің төмен жағындағы — өздеріңе бұрыннан таныс микроскоп, оның жоғарғы жағындағы — телевизор. Мұнда телевизор микроскопқа жалғастырылған. Микроскоптың окулярынан көрінген зат телевизордың экранына түседі.



Жаңа телевизорлы микроскоп — медицина қызметкерлері мен биологтар үшін өте қолайлы құрал.

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮЛАРЫ



Суретті салған
Ғани Иляев.